



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

# ЕСЕП

«Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінің 0301013 «Фельдшер» және 0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкес бағалауы бойынша 2018 жылы 16 сәуір мен 18 сәуір аралығында өткен сыртқы эксперттік комиссияның жұмыс нәтижелері туралы

ШЫМКЕНТ 2018

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**  
*Сыртқы эксперттік комиссия*

*АРТА Аккредиттеу кеңесіне  
арналған*

**АРТА**  
**Аккредиттеу және рейтингтің**  
**тәуелсіз агенттігі**

**«Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінің 0301013 «Фельдшер» және 0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкес бағалауы бойынша 2018 жылы 16 сәуір мен 18 сәуір аралығында өткен сыртқы эксперттік комиссияның жұмыс нәтижелері туралы**

**ЕСЕП**

**Шымкент қаласы**

**«18» сәуір 2018 жыл**

## МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ .....	3
(II) КІРІСПЕ .....	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ .....	5
(IV) СЫРТҚЫ ЭКСПЕРТТІК КОМИССИЯ САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ .....	7
(V) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ .....	10
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ .....	10
6.1 «Миссия және басшылық» стандарты .....	10
6.2 «Білім беру бағдарламасы» стандарты .....	12
6.3 «Білім беру бағдарламасының тиімділігі» стандарты .....	13
6.4 «Мұғалімдер және оқытудың тиімділігі» стандарты .....	14
6.5 «Студенттер» стандарты .....	17
6.6 «Білім беру ресурстары» стандарты .....	20
(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ/ КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ .....	23
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTU БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ .....	25
(IX) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМЫТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ .....	25
1 Қосымша. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІНДЕГІ ПАРАМЕТРЛЕР» бағалау кестесі .....	26



## I. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

- МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
- ҚМА – Қорытынды мемлекеттік аттестаттау
- МҰ – Медициналық ұйымдар
- ТжКБ – Техникалық және кәсіби білім беру
- ЖОБ – Жұмыс оқу бағдарламалары
- ЖОЖ – Жұмыс оқу жоспары
- ТОБ – Типтік оқу бағдарламалары
- ТОЖ – Типтік оқу жоспары
- КТЖ – Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
- СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі
- ОЖ – Оқыту жұмысы
- ӨО – Өндірістік оқыту
- КТ – Кәсіби тәжірибе
- ББ – Білім беру бағдарламасы
- ОӘК – Оқу-әдістемелік кешен
- ПОӘК – Пәннің оқу-әдістемелік кешені
- ЦӘК – Циклдік әдістемелік комиссия
- ДК – Дербес компьютерлер
- АКТ – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- ПҚ – Педагогикалық құрам
- ПҚ – Педагогикалық қызметкерлер
- СанЕмН – Санитарлық ережелер мен нормалар
- ФАП – Фельдшерлік-акушерлік пункт
- ӘЭП – Әлеуметтік экономикалық пәндер
- ЖБП – Жалпы білім беру пәндері
- ЖГП – Жалпы гуманитарлық пәндер

## II. КІРІСПЕ

1.03.2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген АРТА №20-18-ОД бұйрығына сәйкес, ТЖКБ қызметінің түрі бойынша «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінде 2018 жылы 16 сәуір мен 18 сәуір аралығында сыртқы эксперттік комиссияның сапары өтті. Білім беру бағдарламасына сәйкес: 0301013 «Фельдшер», 0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі»; 0302043 «Жалпы тәжірибелік мейірбике» біліктілікті 0302000 «Мейірбике ісі»; 0304023 «Тіс дәрігері» біліктілікті 0304000 «Стоматология»; 0305013 «Медициналық зертханашы» біліктілікті 0305000 «Зертханалық диагностика»; 0306013 «Фармацевт» біліктілікті 0306000 «Фармация» мамандықтары бойынша АРТА институционалды және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына бағалау жүргізілді.

1. **Комиссия төрағасы** - Катпенова Сауле Атантаевна, «Қостанай медициналық колледжі» МКҚК директоры, Қостанай облысы әкімшілігінің денсаулық сақтау басқармасы;

2. **Шетелдік сарапшы** - Сактанова Тамара Султановна, Қырғызстандағы «Гаудеамус» оқу-білім орталығының, медициналық оқу орындарының өкілі (Бішкек, Қырғызстан);

3. **Сарапшы** - Нурланова Рысты Берекеловна, «Республикалық жоғары медициналық колледжі» ЖШС кеңесшісі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерін дайындау және қайта дайындау бойынша АӘК (Алматы);

4. **Сарапшы** - Смакова Сауле Социаловна, «Медициналық-техникалық колледж» ЖШС СМЖ жетекшісі (Астана);

5. **Сарапшы** - Жандилдина Роза Каиржановна, «Арқалық медициналық колледжі» МКҚК директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары (Арқалық);

6. **Сарапшы** - Юсупова Турсунбуби Хайпбековна, «Шелек медициналық колледжі» ЖШС директоры (Шелек);

7. **Сарапшы** - Байбекова Бахытжан Кабдошевна, ДСБ ШЖҚ «Медициналық колледжде» «Гигиенадағы санитарлық-гигиеналық зерттеу әдістемесі» пәнінің мұғалімі, Алматы қаласының Денсаулық сақтау басқармасы (Алматы);

8. **Жұмыс беруші** - Раймбекова Хатира Абдешовна, «№3 Шымкент қалалық емханасы» МКҚК аға мейірбикесі (Шымкент);

9. **Студент** - Адикадир Ербол Куатжанулы, «Емдеу ісі» мамандығының 4 курс студенті, «Авиценна» медициналық колледжі (Шымкент);

10. **Агенттіктен бақылаушы** - Джакенова Алиса Сатбековна, Агенттіктегі медициналық жобалардың жетекшісі (Астана).

Сыртқы эксперттік комиссияның есебі АРТА критерийлеріне сәйкес келетін білім ұйымының ұсынған білім беру бағдарламасының бағалауынан, білім беру бағдарламасын ары қарай жетілдіру бойынша сыртқы эксперттік комиссияның ұсыныстарынан және білім беру бағдарламасы профилінің параметрлерінен тұрады.

### III. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ

Шымкент көпсалалы колледж 2012 жылдың қаңтарында ашылды. 5 жыл ішінде колледж 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша («Фельдшер» біліктілігімен) – 809 маман шығарды, 2017 жылдың жазында «Акушер» мамандығы бойынша лицензияға қосымша алды және 41 адамнан тұратын алғашқы іріктеу жасалды.

Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, 160017, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Шараф Рашидов көшесі, 36 үй.,

телефон/факс 8 (7252) 50-34-72,

e-mail: smpk2013@mail.ru,

колледж сайтының мекен-жайы [www.smpk.kz](http://www.smpk.kz).

Өкілетті мекеме – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі.

Меншік түрі – жеке мекеме.

Негізгі қызметі – білім беру.

Колледждің қызметі төмендегі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- ОҚО Әділет департаменті мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 9 қаңтар 2017 жылы бекіткен «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінің жарғысы;

- Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын келісімдерді тіркеу туралы 23.01.2012 жылғы №2012-1958-21-У-е куәлігі;

- Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын келісімдерді тіркеу туралы 09.01.2017 жылғы №2012-1958-21-У-е куәлігі.

Колледждің білім беру қызметі Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» 9 бабына сәйкес, 2012 жылдың 1 қарашасынан бастап № KZ11LAA00008151 мемлекеттік лицензия негізінде, Оңтүстік Қазақстан облысының білім беру саласын басқару бойынша Департаменті, білім және ғылым саласын басқару бойынша Комитеті, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі берген 2017 жылғы 7 ақпандағы білім беру қызметі үшін лицензияға қосымша негізінде келесі мамандық бойынша жүзеге асырылады:

0301013 «Фельдшер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі»;

0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі».

Колледждегі оқыту ақылы түрде жүзеге асырылады және ол оқу ақысын толық өтейді. Оқыту тілі – қазақ, орыс. Оқыту күндізгі форма бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру негізінде жүргізіледі.

Колледж 2017 жылы пайдалануға берілген жалпы ауданы 6875,8 м<sup>2</sup> болатын 5 қабатты ғимаратта орналасқан. Оқу алаңы 4246,4 м<sup>2</sup> тұрады.

Өкімшілік қабатта құрылымдық бөлімшелердің кабинеттері мен 105 орынға арналған конференция залы бар. Ағымдағы оқу жоспарымен қарастырылған туыс пәндер мен мамандықтар бойынша біріктірілген кабинеттер мен зертханалар ұйымдастырылған және жұмыс істейді. Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары ауданы 530,8 м<sup>2</sup> болатын спортзалда өтеді, ол душпен және ұлдар мен қыздарға арналған шкафтармен жабдықталған. Колледж ауласында БӘД сабағы өтетін алаң бар.

Болашақ мамандарды клиникалық дайындау кезінде ең маңызды құрылымы болып симмуляциялық, фантомдық оқыту әдісін қолдану болып табылады. Ол арнайы фантомдармен және манекендермен жабдықталған жай ғана кабинет емес. Ол тәжірибелік дағдылар мен іс-әрекеттер жасалып, оқу-әдістемелік жұмыстар жүзеге асырылатын және оқыту технологиясы сынақтан өтетін колледждің оқу-әдістемелік бөлімшесі. Осы мақсатпен колледжде 2017-2018 оқу жылында 2 симмуляциялық оқыту орталығы ашылды, олар колледж студенттеріне тәжірибелік дағдыларды бағалау бойынша жұмыстарды жүзеге асырып қана қоймай, клиникалық іс-қимылдарға дейінгі әрекетті де атқаруға мүмкіндік береді. Симмуляциялық орталықтың біреуі оқу ғимаратының 3-қабатында орналасқан, ол 11 кабинеттен тұрады. Екінші симмуляциялық орталық 1-қабатта орналасқан, ол 8 кабинеттен тұрады.

Колледжде өзінің клиникалық базасы бар: «ДОЛАНА-БҰЛАҚ» медицина орталығы төменде көрсетілген қызмет түрлерін ұсынады:

1. Балаларға арналған амбулаторлық-емханалық көмек келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

- Кеңес-диагностикалық көмек
- Невропатология
- Педиатрия

2. Ересектерге арналған амбулаторлық-емханалық көмек келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

- Кеңес-диагностикалық көмек
- Урология
- Гинекология
- Кардиология
- Терапия
- Невропатология

3. Ересектерге және (немесе) балаларға арналған амбулаторлық-емханалық көмек келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

3.1 Кеңес-диагностикалық көмек

- Зертханалық диагностика
- Жалпы клиникалық
- Диагностика
- Ультрадыбыстық

3.2 Алғашқы медициналық-санитарлық көмек

- Білікті
- Алғашқы көмек

Өзінің клиникалық базасының болуы студенттерге медициналық жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге, командалық жұмыста дағдыларын дамытуға, науқастарды емдеуге, бақылауға және күтім жасауға мүмкіндік береді.

Оқу ғимаратының сол жақ қанатында 78 студентке арналған жатақхана бар.

Колледж 60 орынға арналған асханамен қамтамасыз етілген. 2017 жылдың 25 тамызынан бастап №2 келісімшартқа сәйкес тағам дайындау мақсатында ас үйді жеке кәсіпкер Қасымов Бахрон Хайтмуратовичке жалға берілді. Ас үйде және асханада барлық қажетті болатын негізгі және қосалқы бөлмелер, құрал-жабдықтар бар. Осының бәрі студенттерге, мұғалімдерге және қызметкерлерге әр түрлі ыстық тамақтармен және кондитер өнімдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Асхананың қызметі колледждің медициналық қызмет көрсету бөлмесінің мейірбикесімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облысындағы тұтынушылардың құқығын қорғау Департаментімен бақыланады.

Ауданы 37,3 кв.м болатын медициналық қызмет көрсету бөлмесі бірінші қабатта орналасқан, ол ауданы 14,2 кв.м болатын емдеу бөлмесінен және 23,1 кв.м аумақты қамтитын амбулаторлық ауруларды қабылдайтын бөлмеден тұрады, ол «Денсаулық сақтау нысандарына арналған санитарлық-эпидемиялық талаптар» негізінде Санитарлық ережелерді бекіту туралы Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрінің орынбасарының №127 бұйрығына сәйкес 2015 жылдың 24 ақпанынан бастап жұмыс істейді. Студенттерге медициналық қызмет көрсетуді №4 «Шымкент қалалық емханасы» және «Сұңқар» клиникасы жүргізеді.

Колледждің оқыту базасында арнайы пәндер бойынша 28 кабинет және 7 зертхана жұмыс істейді. Кабинеттер мен зертханалар барлық санитарлық-гигиеналық талаптарға, білім алушылар санына сәйкес келеді, қажетті оқу құралдары мен тиісті жиһаздармен жабдықталған, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға мүмкіндік береді. Клиникаға дейінгі тәжірибе мен зертхананың барлық бөлмелері болашақ маманның жұмыс орнына барынша жақын етіп жабдықталған.



Колледж ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілген және жоғарғы жылдамдықтағы Интернет желісіне қосылған. Колледждің базасында колледждің ақпараттық-техникалық орталығы әзірлеген өзінің [www.smpk.kz](http://www.smpk.kz) сайты жұмыс істейді. Колледжде 3 компьютерлік сыныптан тұратын тестілеу орталығы, информатика кабинеті, жоғарғы интернет желісіне қосылған конференция залы және оқу залы бар. Жалпы білім беру, кәсіби және арнайы пәндерді оқыту шеңберінде 5 интерактивті тақталар қолданылады. 2018 жылы «Кітапхана ісі» бағдарламасы сатып алынды, ол кітапхана қорын толық автоматтандыруға және электронды кітапхана құруға мүмкіндік берді. Интерактивті тақта конференция залында орнатылған.

Тәжірибелік оқытудың барлық түрлерін сапалы өткізу үшін осы ағымдағы оқу жылында қаланың және облыстың 48 медицина ұйымымен келесімшарттар қайта жасалды. Әлеуметтік серіктестікті нығайту және дамыту мақсатында келесі формалар жиі қолданылады: шынайы жұмыс орнында студенттерді тәжірибелік оқыту, студенттердің аттестаттауына жұмыс берушілердің қатысуы, іс-шараларды бірігіп өткізу, оқушылармен және ата-аналармен кездесу, колледж бойынша экскурсия ұйымдастыру, мамандықпен таныстыру, жұмыстардың жәрмеңкесі, демеушілік көмек. Жыл сайын, қаланың және облыстың медицина ұйымдарының бірінші жетекшілерінің қатысуымен жұмыстар жәрмеңкесі өтеді және жұмыс барысында түлектерді жұмыспен қамту бойынша 2 жақты келесім жасалады.

Негізгі МҰ тәжірибелік дайындықты сапалы өткізу үшін қажетті жағдайлар жасалған, сондықтан медицина ұйымы колледж студенттері үшін 14 оқу бөлмесін бөлген: №4 «Облыстық балалар ауруханасы» (1), Облыстық перинаталдық орталық (1), №2 Шымкент қалалық перзентханасы (1), №3 Шымкент қалалық емханасы (1), №4 Шымкент қалалық емханасы (1), №5 Шымкент қалалық емханасы (1), №8 Шымкент қалалық емханасы (1), №10 Шымкент қалалық емханасы (1), №11 Шымкент қалалық емханасы (1), №2 «Қалалық балалар ауруханасы» (1), «Дау мед» клиникасы (3), «Сұңқар» клиникасы (1). Колледждегі іс-қағаздар жұмысы екі тілде жүргізіледі. Жұмыстардың номенклатурасы «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда типтік ережелерді құжаттандыру және құжаттарды басқаруға» сәйкес жасалады (Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығы). Іс-қағаздар жұмысы Шымкент қаласының мұрағат және құжаттар басқармасымен тексеріледі.

Колледжде студенттерді әлеуметтік қолдау бойынша студенттердің өздерінің қатысуымен белсенді түрде өткізілетін жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Колледжде оқуға төлем жүргізудің ыңғайлы жүйесі қарастырылған, сондай-ақ жағдайы төмен, көп балалы, жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған студенттерге әлеуметтік қолдау жасау жүйесі жұмыс істейді. Сонымен қатар, осындай санатты студенттерге оқуға төлем жүргізуде жеңілдіктер қойылған. 100%, 50%, 30%, 20%, 10% жеңілдік бойынша есептеу кезеңінде 52 студент білім алуда.

#### **IV. СЫРТҚЫ ЭКСПЕРТТІК КОМИССИЯ САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

Сыртқы эксперттік комиссияның жұмысы «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесіндегі білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеуі бойынша эксперттік комиссия сапарының Бағдарламасы негізінде 2018 жылы 16 сәуір мен 18 сәуір аралығында жүзеге асырылды.

Білім беру бағдарламасының сапасы, колледждің барлық инфрақұрылымы, өзін-өзі бағалау туралы есептердің мазмұнын нақтылау туралы объективті ақпарат алу үшін келесі өкілдермен кездесу өтті: директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, кадр бөлімінің басшысы, ЦӘК төрағалары, бөлім меңгерушілері, әдіскер, бас есепші, мұғалімдер, студенттер, түлектер, жұмыс берушілер және студенттердің ата-аналары. Кездесуге 802 адам қатысты.



### Соңғы 3 жылдағы жұмыспен қамту көрсеткіштері

№	Мамандық	Түлектердің барлығы	Жұмысқа орналасқан студенттер	Жұмыспен қамту, %
<b>1.</b>	<b>0301013 «Фельдшер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы</b>			
1.1.	2014/2015	196	147	75%
1.2.	2015/2016	337	246	73%
1.3.	2016/2017	276	212	77%
<b>Барлығы</b>		<b>809</b>	<b>605</b>	<b>75%</b>
<b>2.</b>	<b>0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы</b>			
2.1.		-	-	-

#### Ғылыми-зерттеу жобалары

Интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерді дамыту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Колледждің студенттері халықаралық, республикалық және облыстық сайыстар мен жарыстарға қатысады:

- халықаралық онлайн – «Тарих алаңы» атты орыс тілінен сайыс 2015 жыл, студент Пердебай У.;
- 2015 жылғы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Астана қаласы студенттер Барат Ж., Сейдахметова Д., жетекші Серикбаева Т.Б.;
- 2015 жылғы 1-қалалық ғылыми-тәжірибелік конференция, «Қазақ технология және бизнес академиясы» АҚ, Барат Ж., Сейдахметова Д.;
- 2016 жылғы Халықтар достығы қазақ университетіндегі ғылыми-тәжірибелік конференция, студент Сайлаубаева А., жетекші Жандарбекова Х.;
- 2017 жылғы Ақтөбе қаласындағы халықаралық қатысумен өткен ғылыми-тәжірибелік конференция, студенттер Абай А., Ильясов М., Қыдырбай А., Мейкова Е., Тасболат Ж., жетекші м.ғ.к. Пазылбеков С.А.;
- 2017 жылғы «Ғылым және жастар» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференция, Астана қаласы, студенттер Нұсқабай А., Қыдырбай А., Төлеген А., Тлеуқабыл А., Номанов М., жетекші м.ғ.к. Пазылбеков С.А.

#### 2 кесте. Кездесуге келген қатысушылардың саны мен санаттары туралы ақпараттар

<i>Қатысушылардың санаттары</i>	<i>Саны</i>
Директор	1
Директордың орынбасарлары	5
Бөлімше жетекшілері	7
Бас есепші	1
Кадр бөлімінің бастығы	1
Мұғалімдер	92
Студенттер	622
Түлектер	52
Жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер	15
Студенттердің ата-аналары	6
<b>Барлығы</b>	<b>802</b>

1. Сыртқы эксперттік комиссияның жұмысы барысында колледждің инфрақұрылымына визуалды тексеру жүргізілді: оқу аудиториялары, 4 компьютер сыныптары, кітапхана, оқу залы, спорт залы, медициналық пункт, асхана, 2

симуляциялық орталық, клиникаға дейінгі тәжірибе кабинеттері, жеке өзінің клиникалық базасы – «ДОЛАНА-БҰЛАҚ» медицина орталығы, дәріхана. Сондай-ақ, аккредиттеу бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын бөлімдердің, кафедралардың құжаттары тексерілді. Аккредиттеу бағдарламаларының тәжірибелік оқыту базаларына сапар жасалды: облыстық паталого-анатомиялық бюро, облыстық балалар ауруханасы, №3 ШҚЕ, облыстық перинаталдық орталық, «Даумед» клиникасы.

2. Тәжірибелік оқытудың барлық түрлерін өткізу үшін қаланың және облыстың 48 медицина ұйымымен келесімшарттар жасалды. Негізгі МҰ тығыз байланыс орнатылған. Медициналық білім алу саласындағы әлеуметтік серіктестік жұмыс берушілердің медициналық мүдделеріне, колледж бен МҰ арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған. Медициналық мекемелер мен колледж арасындағы әлеуметтік серіктестікті дамыту және нығайту мақсатында келесі бағыттар бойынша бірлескен жұмыстар атқарады: білікті мамандардың дайындығын жорамалдау, оқытуда науқастың қажеттіліктеріне бағдарланған тәсілдерді қолдану, оқу ұйымы мен МҰ арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру. Осындай тәжірибеде келесі серіктестіктердің түрлері жиі қолданылады: шынайы жұмыс орнында студенттерді тәжірибелік оқыту, студенттердің аттестаттауына жұмыс берушілердің қатысуы, іс-шараларды бірігіп өткізу, оқушылармен және ата-аналармен кездесу, колледж бойынша экскурсия ұйымдастыру, мамандықпен таныстыру, жұмыстар жәрмеңкесі, демеушілік көмек.

Негізгі МҰ тәжірибелік дайындықты сапалы өткізу үшін қажетті жағдайлар жасалған, сондықтан медицина ұйымы колледж студенттері үшін 14 оқу бөлмесін бөлген: №4 «Облыстық балалар ауруханасы» (1), Облыстық перинаталдық орталық (1), №2 Шымкент қалалық перзентханасы (1), №3 Шымкент қалалық емханасы (1), №4 Шымкент қалалық емханасы (1), №5 Шымкент қалалық емханасы (1), №8 Шымкент қалалық емханасы (1), №10 Шымкент қалалық емханасы (1), №11 Шымкент қалалық емханасы (1), №2 «Қалалық балалар ауруханасы» (1), «Дау мед» клиникасы (3), «Сұңқар» клиникасы (1).

Сарапшылар тәжірибелік базаларға сапары кезінде МҰ материалдық-техникалық базасымен танысты, студенттердің кәсіби тәжірибелері өтетін әкімшіліктік кешендерге және мамандандырылған бөлімдерге барды. Сыртқы эксперттік комиссия мүшелерімен бас дәрігерлер, бас және аға мейірбикелер, бөлім меңгерушілері кездесіп, оларға студенттер мен тәжірибенің жүргізілу барысына қойылатын талаптар туралы айтты. Тәжірибелік базаларға барған кезде колледждің 3 курс студенттерінің өндірістік тәжірибеден өткені туралы дәлелдер алынды. Колледж директоры мен МҰ жетекшілерінің бұйрығымен жалпы және тікелей жетекшілер (тәлімгерлер) тағайындалады. Студенттер мен түлектер туралы МҰ жетекшілерінің пікірлері оң нәтижені көрсетті. Көптеген бөлімдерде «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінің түлектерінің жұмыс істеуі мамандардың сапалы дайындығының дәлелі болып табылады.

Колледждегі клиникалық базалардың әр түрлі бөлімдерінде (терапевттік, балалар бөлімі, емхана, ММКО, қабылдау бөлімі, функционалдық диагностика бөлімі және т.б.) жұмыс істейтін Шымкент көпсалалы колледждің түлектерімен (52 адам) сауалнама жүргізілді. Олар Сыртқы эксперттік комиссия мүшелерімен жұмыстағы табыстары, өздерінің жетістіктері туралы бөлісті, колледж қабырғасында алған білімдері үшін алғыс білдірді.

Сыртқы эксперттік комиссия мүшелері колледж базасындағы теориялық және тәжірибелік сабақтарға қатысты: «Анатомия», «Мейірбике ісі негіздері», «Патологиялық анатомия», «Жалпы хирургия», Облыстық перинаталдық орталық клиникалық базасында студенттердің кәсіби тәжірибеден өтуі. Қатысқан сабақтардың талдауы бойынша мұғалімдер сабақ жоспары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарға, сондай-ақ бекітілген жұмыс бардарламасы мен ОӘК ие екендігі көрсетілді. Жалпы, барлық сабақтар әдістемелік деңгейде өткізілді.

## **V. АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ**

Бұрын «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінде аккредиттеу өткізілмеген.

## **VI. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ**

### **6.1 «Миссия және басшылық» стандарты**

#### ***Дәлелді бөлім***

Мекеменің қызметі колледж миссиясын жүзеге асыруға бағытталған. Миссия колледждің даму Бағдарламасына сәйкес келеді. Миссияның Стратегиялық мақсаттары мен міндеттері колледж қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Колледждің миссиясы, болжамы мен стратегиялық мақсаттары ұлттық білім жүйесінің мақсаттарына, міндеттері мен басымдықтарына сәйкес келеді, ол Қазақстан халқына сапалы медициналық қызмет көрсету үшін мамандардың дайындық деңгейін үнемі жетілдірудегі ынтасынан көрінеді.

Колледж ББ даму жоспарын қалыптастыру үшін педагогикалық ұжым мен қызметкерлерді шақырады. Жұмыс берушілердің мүдделерін қарастыру мамандардың дайындау мақсаттарын анықтау деңгейінде белгіленеді. Жұмыс берушілер жыл сайын мамандарға қатысты қажеттіліктерін және олардың дайындығына байланысты талаптарын қалыптастырады.

Жұмыс берушілер тәжірибелік денсаулық сақтау өкілдерінің мүдделерін ескере отырып, мамандық бойынша жұмыс оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу барысына қатысады, өзгерістер бойынша өзінің ұсыныстарын енгізеді. Студенттердің қорытынды аттестаттау жұмысына қатысу үшін жұмыс берушілер тарапынан МҰ қызметкерлерінің кандидатурасы ұсынылады.

Колледжде ББ даму жоспарын қалыптастыру кезінде айқындылық үрдісі көрініс табады. ББ даму жоспарының мазмұны туралы ақпарат мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі.

ББ даму жоспарын қалыптастыру және оған тұрақты шолу жасау, сондай-ақ оның жүзеге асырылуын бақылау білім беру ұйымында жүргізіледі.

Бұл оқу мекемесі ББ жүзеге асыру туралы ақпаратты талдайды және ББ даму жоспарын қайта қарайды.

ББ даму жоспары барлық мүдделі тараптардың өкілдерімен ашық талқылау түрінде өтеді; кемшіліктер, ескертулер мен ұсыныстар анықталады, сондай-ақ түзетулер енгізіледі.

Мониторинг шеңберінде жеке жоспарлар мен өздігінен білім алу бойынша жоспарлардың орындалуына бағалау жүргізіледі. Әрбір жарты жылдықта кафедра қызметінің негізгі көрсеткіштеріне бақылау және талдау жүргізіледі, олар жоспарланған деңгеймен салыстырылады. Тексерудің нәтижелері бойынша болашақта анықталатын сәйкессіздіктерді болдырмау үшін түзету шаралары жасалады.

Мониторинг жүйесінің басқа бағыттары ББ жетілдіру сұрақтары болып табылады: оқу үрдісіндегі әдістемелік қамтамасыз етудің сапасын бақылау, оқытудың жаңа әдістерін енгізу және қолданыстағы әдістерді, құралдар мен тәсілдерді жетілдіру, тәжірибенің барлық түрлерін жетілдіру және т.б.

Колледжде ББ орындалуын реттейтін барлық құрылымдық бөлімшелер құжатталған. Колледждің әрбір қызметкері өзінің міндеттерін, функциясы мен құқығын біледі.

Осы мекемеде білім беру бағдарламасы мен құжаттарды бекіту, мерзімді шолу және бақылау жүргізу тәртібі бар.

Студенттер, қызметкерлер және мүдделі тұлғалар кері байланыс пен ақпараттандыру жүйесінің болуымен және оның тиімді жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі, ББ сапасын қамтамасыз ету жүйесінің жұмысы көрсетіледі.

Колледж ішкі және сыртқы ортаға талдау жүргізеді. Мұғалімдердің, студенттердің қанағаттану дәрежесі әлеуметтік мониторинг барысында айқындалады. Мониторинг белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастырылып жүргізіледі. Колледждегі сауалнамалар мұғалімдердің кәсіби қызметінің сапасы, басқарушылық қызметтің сапасы және оқу үрдісінің басқа да маңызды мәселелері туралы пікірін білдіру мақсатында студенттердің, түлектердің, жұмыс берушілер мен мұғалімдердің арасында өтеді.

Студенттердің оқудағы миссиясы, ББ мақсаттары мен күтілетін нәтижелері медициналық мамандықтар бойынша ТЖКБ кәсіби стандарттарын ғана емес, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың қажеттіліктері мен үміттерін көрсету үшін жүйелі түрде қаралып отырады.

### ***Күшті жақтары/үздік тәжірибе***

Күшті жақтарына мыналарды жатқызуға болады:

1. МЖМБС және СанЕМН сәйкес келетін материалдық-техникалық база;
2. Жеке өзінің клиникалық базасы – «ДОЛАНА-БҰЛАҚ» ЖШС медицина орталығының болуы;
3. Жеке өзінің жатақханасының болуы;
4. Білікті мұғалімдер құрамы;
5. Оқытудың заманауи технологияларын қолдану;
6. Лицензиядан өткен медициналық кабинеттің болуы;
7. Екі симмуляциялық орталықтың болуы;
8. ҚА өткізу кезінде студенттердің шынайы тәжірибелік білімі мен дағдысын бағалаудың тиімді жүйесін қолдану;
9. ішкі және сыртқы бақылау (аудиттер) және колледж қызметін талдау.

### ***Аналитикалық бөлім***

«Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесі өзінің қызметін білім және денсаулық сақтау шеңберіндегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады. Колледждің, аймақтың, елдің, техникалық және кәсіби білім жүйесінің даму міндеттеріне сәйкес колледж қызметінің миссиясы мен мақсаттары анықталған. Әлсіз және күшті жақтарына талдау жүргізілген.

«Миссия және басшылық» стандарты бойынша ББ сәт орындалуы ББ даму жоспарының мақсатты, тиімді және жоспарлы орындалуы негізінде анықталғанын атап өтуге болады және ол өз кезегінде, барлық мүдделі тұлғалар үшін айқын және қолжетімді болуы керек. Колледжде мүдделі тұлғалар мен студенттердің қажеттіліктерін ескере отырып, ББ даму жоспарына үнемі толықтырулар мен түзетулер бойынша жұмыстар жүргізіледі. ББ даму жоспарын жасау кезінде ұлттық даму басымдықтарымен және колледждің даму стратегиясымен келісімдер орындалады.

***Критерийлер бойынша сыртқы expertтік комиссияның қорытындысы (күшті/қанағаттанарлық/ жақсартулар жобаланады/ қанағаттанарлықсыз )***

- күшті – 7
- қанағаттанарлық – 0
- жақсартулар жобаланады – 0
- қанағаттанарлықсыз – 0

## **6.2 «Білім беру бағдарламасы» стандарты**

### ***Дәлелді бөлім***

Колледждегі «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы миссияға, стратегиялық мақсаттар мен студенттердің күтілетін нәтижелеріне сәйкес жасалады және қоғамның қажеттіліктері мен күтілетін мүдделерін көрсетеді.

0301013 «Фельдшер» және 0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша оқыту ҚР МЖМБС 4.05.145-2010 сәйкес бекітілген және



қолданысқа енгізілген ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 24.05.2010 жылғы №378 бұйрығы бойынша жүргізіледі. 2016 жылдан бастап 0301013 «Фельдшер», 0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім беру қызметі 2016 жылғы медициналық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіби білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Міндетті пәндердің тізімі мен көлемі ТОЖ-на сәйкес анықталады. Оқу бағдарламасы міндетті пәндерден, қосымша сабақтар мен кеңес беруден тұрады. Қосымша сабақтар мен кеңес берулер студенттердің жеке мүмкіндіктері мен өтініштерін қамтамасыз етуге бағытталған. ЖОЖ-да әрбір міндетті пәннің көлемі, академиялық сағаттағы әрбір оқу қызметінің түрі және қорытынды бағалау формалары анықталады.

0301013 «Фельдшер», 0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – тәжірибелік қызметте алған білімін тиімді қолдана алатын, сыни және аналитикалық түрде ойлай білетін, ресурстарды тиімді басқаратын және науқастың қауіпсіздік қағидаларына сәйкес жұмыс істейтін бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау.

Колледж оқу пәндерінің мазмұнын, көлемін, байланыс логикасын жақсы анықтайды.

Мамандардың дайындық сапасы және олардың кәсіби біліктілігі МҰ жетекшілерінің мінездемелерімен және пікірлерімен расталады.

ББ қалыптастыру кезінде студенттердің пікірі де ескеріледі. ТОЖ мен типтік оқу бағдарламаларына сәйкес ЖОЖ мен жұмыс оқу бағдарламалары жасалған. ЖОЖ жасау негізінде МЖМБС, мұғалімдер мен жұмыс берушілердің пікірлері жатыр. ТОЖ сағат саны көрсетілген міндетті пәндердің тізімінен тұрады, негізгі, профильді және жалпы білім беру циклдарының байланысын реттейді, пәннің көлемін анықтайды.

Колледжде студенттерге қолжетімді болатын пәндердің тізімдері мен мазмұны бар. Сабақ жүргізудің әр түрлі формалары (іскери ойындар, кіші топтармен жұмыс, проблемалық оқыту технологиясы, әлеуметтік жобалар және сыныптан тыс оқытудың басқа да әдістері, шығармашылық тапсырмалар) студенттердің кәсіби қабілетін қалыптастырады. Студенттердің кәсіби біліктілігін дамытуға зертханалық тапсырмалар мен тәжірибелік жұмыстардың тақырыптары бағытталған. Студенттердің кәсіби дайындығының тікелей құраушысы болып табылатын кәсіби тәжірибенің маңызы зор.

Білім беру мекемесінде жұмыс берушілердің мүдделері ескеріліп, білім беру бағдарламасына жаңартулар жүргізіледі.

Колледжде оқыту екі тілде өтеді, мемлекеттік және орыс тілінде.

Оқу үрдісінде пайда болатын сұрақтар бойынша студенттерге дербес көмек көрсету және кеңес беру бақыланады. ББ тиімді меңгеру үшін жағдайлар жасалады. Оқу үрдісінде студенттердің жеке қабілеттері ескеріледі, білім беру үрдісін жүзеге асыру кезінде қолдау көрсетіледі және олардың жетістіктері бойынша мониторинг жүйесі жүргізіледі.

### ***Күшті жақтары/үздік тәжірибе***

Күшті жақтарына мыналарды жатқызуға болады:

1. ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби мәтіннің болуын көрсетеді.
2. ББ басшылығы теориялық және тәжірибеге бағытталған пәндер арасындағы тиімді байланысты көрсетеді.
3. Пәндердің тізімі және мазмұны барлық студенттерге қолжетімді. Пәндер оқыту саласындағы барлық сұрақтарға, мәселелерге жауап береді.
4. ББ құрылымында студенттердің жеке қабілетін ескере отырып, олардың негізгі және кәсіби біліктілігін дамытуға ықпал ететін қызметтің түрлері қарастырылған;
5. ББ басшылығы оқыту тіліне тәуелсіз, барлық студенттерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді;
6. ББ басшылығы білім беру үрдісінде пайда болатын сұрақтар бойынша студенттерге дербес көмек көрсету және кеңес беру жүйесінің болуымен және тиімді жұмыс істеуімен қамтамасыз етеді;

7. Басшылық ББ тиімді меңгеру үшін жағдай жасайды;  
8. ББ басшылығы ББ жүзеге асыру кезінде студенттердің мәдени тәжірибесі мен қажеттіліктерін, жеке қабілеттерін, ерекшеліктерін қолдануды көрсетеді;

9. ББ басшылығы ББ жүзеге асыру кезінде студенттерге қатысты жеке қолдауды көрсетеді;

10. ББ басшылығы «Фельдшер», «Акушер» біліктілікті «Емдеу ісі» мамандығы бойынша оқу сабақтарынан, өндірістік оқыту мен кәсіби тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді, студенттердің, медициналық ұйым жетекшілерінің және жұмыс берушілердің қанағаттануына байланысты мониторинг жүргізеді.

#### ***Аналитикалық бөлім***

«Білім беру бағдарламасы» студенттердің миссиясына, мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес жасалған. ББ жүзеге асырылуын жеткілікті материалдық-техникалық база, кадрлар әлеуеті, медициналық ұйымдармен белсенді серіктестік және тұрақты қаржылық жағдай қамтамасыз етеді.

#### ***Сыртқы expertтік комиссияның ұсыныстары***

✓ Медициналық колледжге ББ жүзеге асыру кезінде оқытудың заманауи қағидаларына негізделген оқытудың әдістерін қолдануды ұсынамыз.

✓ Бекітілген негізгі және кәсіби біліктілікті көрсететін және оқыту қызметіндегі нәтижелердің жетістіктерін бағалайтын бағалау әдістемесін жақсарту.

✓ ББ мен кәсіби дайындықтың келесі кезеңдерімен байланысты нығайту (бакалавриат, мамандандыру).

***Критерийлер бойынша сыртқы expertтік комиссияның қорытындысы (күшті/ қанағаттанарлық/ жақсартулар жобаланады/ қанағаттанарлықсыз )***

күшті – 5

қанағаттанарлық – 4

жақсартулар жобаланады – 0

қанағаттанарлықсыз – 0

### **6.3 «Білім беру бағдарламасының тиімділігі» стандарты**

#### ***Дәлелді бөлім***

0301013 «Фельдшер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша мұғалімдер құрамының саны: 99 мұғалім, олардың ішінде штаттық мұғалімдер – 78 (78,8%) және қосымша істеушілер – 21 (21,2%), яғни штаттық құрамның толықтығына сәйкес келеді. Мұғалімдер құрамының ішінде 3 ғылым кандидаты бар, штаттағы мұғалімдер ішінен біліктілік санаттарына ие: жоғары – 13 мұғалім (16,6%), бірінші – 7 мұғалім (9%), екінші – 18 мұғалім (23%).

0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша мұғалімдер құрамының саны: 20 мұғалім, олардың ішінде штаттық мұғалімдер – 19 (96%) және қосымша істеушілер – 1 (4%), яғни штаттық құрамның толықтығына сәйкес келеді. Штаттағы мұғалімдер ішінен біліктілік санаттарына ие: бірінші – 3 мұғалім, яғни 15,7% құрайды, екінші – 2 мұғалім, ол 10,5 % құрайды.

92 мұғалім (92,2%) сабақты мемлекеттік тілде өтеді.

Соңғы бес жылда біліктілікті жетілдіру курсынан барлық мұғалімдер өтті (100%).

Колледждің мұғалімдер құрамы оқытылатын пәннің профиліне сәйкес келетін білімге, білім беру саласында дағды мен тәжірибеге, студенттердің оқудағы жетістіктерінің оң қарқынына ие, заманауи денсаулық сақтау және білім беру талаптарына барынша сәйкес келуге тырысады.

Профильді пәндерден сабақ беруге тәжірибелік денсаулық сақтау ұйымынан жоғары және бірінші санатты жоғары біліктілігі бар мамандар шақыртылған. Осыған байланысты, «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесіндегі педагогикалық кадрларды іріктеу



және орналастыру, мұғалімнің педагогикалық біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

#### ***Күшті жақтары/үздік тәжірибе***

Күшті жақтарына мыналарды жатқызуға болады:

✓ ББ тиімділік көрсеткіштері тәжірибелік денсаулық сақтау ұйымының талаптарын ескере отырып жасалған.

✓ Топ және курс бойынша өткізілетін, студенттердің оқудағы жетістіктеріне мониторинг жүргізу тиімді бағалау болып табылады.

✓ Колледжде ББ тиімді жүзеге асырылуын қадағалау үшін үздіксіз механизм құрылған, сол арқылы оқу жоспары мен қойылған тапсырмалар кафедра, бөлім меңгерушісі, әдістемелік кабинет, директордың оқу және өндірістік ісі жөніндегі орынбасарлары деңгейінде бақыланады.

✓ Мұғалімдер құрамының қалыптасуы білім беру қызметінің лицензиялауына қатысты біліктілік талаптарына сәйкес қатаң түрде жүргізіледі.

#### ***Аналитикалық бөлім***

«Білім беру бағдарламасының тиімділігі» стандарты бойынша ББ орындау үшін мұғалімдердің сандық және сапалық құрамының сәйкестігін, мұғалімдердің біліктілігін жетілдірудегі жоғары деңгейді және тәжірибелік базалардағы мамандар дайындығының жеткілікті деңгейі туралы жұмыс берушілердің пікірлерін атап өтуге болады.

***Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/ қанағаттанарлық/ жақсартулар жобаланады/ қанағаттанарлықсыз )***

күшті – 7

қанағаттанарлық – 0

жақсартулар жобаланады – 0

қанағаттанарлықсыз – 0

#### **6.4 «Мұғалімдер және оқытудың тиімділігі» стандарты**

##### ***Дәлелді бөлім***

✓ Колледждің миссиясына жету және оны жүзеге асыру үшін кадрлық әлеует маңызды рөл атқарады. «Емдеу ісі» білім беру бағдарламасы бойынша мамандардың дайындығын жүзеге асыратын мұғалімдер құрамының негізгі білімі жалпы білім беру, гуманитарлық, жалпы кәсіби және арнайы пәндер бойынша жүзеге асырылатын студенттерді дайындау талаптарына толығымен сәйкес келеді және білім беру бағдарламасының мақсаттарына, міндеттері мен бағыттарына жауап береді. Мұғалімдер құрамының қалыптасуы білім беру қызметінің лицензиялауына қатысты біліктілік талаптарына сәйкес қатаң түрде жүргізіледі және мұғалімдердің толыққанды біліміне және оқытудың заманауи әдістерін меңгеру қабілетіне ие екендігіне кепілдік береді. «Емдеу ісі» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша оқу пәндерін оқыту штаттық мұғалімдер және қаланың медициналық ұйымдарынан шақыртылған қосымша істеуші мұғалімдер арқылы жүзеге асырылады. Келесі арнайы пәндерді оқыту үшін тәжірибелік денсаулық сақтау ұйымының мамандары ішінен жоғары және бірінші санатты біліктілігі бар мұғалімдер шақыртылады: дерматовенерология, оториноларингология, офтальмология, неврология, психиатрия.

«Емдеу ісі» мамандығы бойынша штаттық мұғалімдер 1180 сағатқа дейін, ал штаттық емес мұғалімдер 360 сағатқа дейінгі жылдық жүктемеге ие болады. Оқыту сабақтарын бөлу кезінде мұғалімнің білімі, біліктілік деңгейі, тәжірибесі, қарыздарының болмауы, қоғамдық белсенділігі ескеріледі.

Колледжде мұғалімдер қызметін мониторингпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіледі, сондай-ақ колледж әкімшілігімен олардың біліктілігін жүйелі бағалайтын әдістер мен критерийлер жасалған. Мұғалімдер қызметінің сапасын бағалайтын жүйе жасалды, ол бағалау индикаторы мен олардың нәтижесінен тұрады. Колледж

мұғалімдерінің қызметін жеке жоспарлау педагогикалық ұжымның қалыптасуын ұйымдастыру тәсілі және оны басқаруға қажетті нәтижелерді жоспарлау болып табылады. Оқу жылының басында сабаққа өзара қатысу кестелері жасалады, ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар, әдістемелік жұмыстар жоспарланады. Оқу жылының ішінде мұғалімдер өзін-өзі бақылауды жүргізеді.

Оқу жылының соңында әрбір мұғалім кафедралар отырысында, ал кафедра меңгерушілері әдістемелік кеңесте оқу-әдістемелік жұмысы бойынша жасалған жұмыс туралы есеп береді. Сонымен қатар, мұғалімнің әдістемелік жұмысын бағалаудың негізгі критерийі – орындалған жұмыстың көлемі мен сапасы бойынша жоспарланған шараларға сәйкестігі. Мұғалімнің жұмысы туралы қорытынды кафедра, педагогикалық және әдістемелік кеңестің хаттамаларында тіркеледі.

Мұғалімдер үздіксіз дамуға қатысады және оқыту мен қашықтық технологияларынан қолдау алады. ҚР «Білім туралы» Заңының 37-бабының 3-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарының педагогикалық және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру 5 жылда 1 рет жүргізіледі. Қызметкерлерді дайындау қажеттілігін анықтауды кафедра және әдіскер Лауазымдық нұсқаулықта белгіленген біліктілік бойынша талаптарын ескере отырып жүзеге асырады.

Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру үшін келесі негізгі әдістер қолданылады:

- мұғалімдерді дербес дайындау (ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу және т.б.);
- колледждің жоспарланған іс-шараларына мұғалімдердің белсенді қатысуы (мысалы, тренингтерге, сайыстарға қатысу, біліктілікті арттыру бойынша курстардан өту);
- стажировкалар;
- тәлімгерлік, жас маман мектебі;
- тәжірибе алмасу бойынша ғылыми-әдістемелік семинарлар мен конференцияларға қатысу.

Колледждің білім беру үрдісіне үлкен жұмыс тәжірибесі, ғылыми және академиялық дәрежесі бар, жаңа білім беру технологияларын сәтті меңгерген, жұмыс пен қоғамдық өмірді қоса алып жүрген, жоғары және бірінші санатты біліктілігі бар мұғалімдер шақыртылады. Мұғалімдердің семинарлар мен конференциялардан, біліктілікті жетілдіру курстарынан өту бойынша мониторинг жүргізіледі.

Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру өсуінің қарқыны бар.

Аккредиттеу кезеңінде 44 мұғалім біліктілікті жетілдіру курстарынан өтті.

Колледж басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру жұмыстарын жүргізеді. Біліктілікті жетілдіру курстарынан өтудің табысты жоспары бар, сол арқылы білім мазмұнын жаңарту сұрақтары бойынша барлық мұғалімдер курстардан өтеді.

Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру келесі оқыту курстары арқылы жүзеге асырылады: «Өрлеу» БА ҰО АҚ, «Техникалық және кәсіби білімді дамытудың және біліктілікті иеленудің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы», Яссауи атындағы Мемлекеттік қазақ-түрік университеті, «LD Ot-Logos» оқыту және дамыту орталығы.

Колледжде оқыту сапасының тиімділігіне жүйелі түрде кешенді бағалау жүзеге асырылады, педагогикалық ұжым қызметіне мониторинг жүргізіледі, мұғалімнің біліктілігі бағаланады. Бағалаудың формалары, әдістері мен критерийлері мұғалімдердің назарына ақпараттық стендтер мен колледж сайты арқылы, кафедраның отырысында, әдістемелік және педагогикалық кеңесте жеткізіледі.

Ашық сабақтар, сабақтарға өзара қатысу педагогикалық шеберлікті дамытудың формасы болып табылады. Ашық сабақ – мұғалімнің жұмысы туралы ақпарат көзі, оның өздік қалыптасу және өздік даму тәсілі. Ашық сабақтар өткізілді:

2012-2013 оқу жылында – 11

2013-2014 оқу жылында – 12

2014-2015 оқу жылында – 19

2015-2016 оқу жылында – 46

2016-2017 оқу жылында – 41

2017-2018 оқу жылында – 18

Колледжде педагогикалық қызметкерлердің кәсіби қызметін бағалау бойынша рейтинг жүргізіледі. Мұғалімдер оқу жылының соңында рейтинг қорытындысы бойынша мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады. Қорытындылар педагогикалық кеңесте белгілі болады.

Мұғалімдердің жұмыс жүктемесі оқу-өндірістік, әдістемелік, тәрбие жұмысынан тұрады. Жүктемеге сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспар болады.

Мұғалімнің кәсіби дамуына байланысты жеке жоспар жасалады. Мұғалімнің кәсіби дамуына байланысты жеке жоспар мұғалімнің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және шығармашылық жұмысының жүйелілігі мен реттілігін қамтамасыз етеді. Оқу жылының соңында оқыту қызметінің қорытындысы жасалады.

#### ***Күшті жақтары/үздік тәжірибе***

- Колледждегі педагогикалық кадрларды іріктеу және бөлу мұғалімдердің педагогикалық біліктілігі мен кәсіби мансабын ескере отырып жүзеге асырылады. Мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы ББ біліктілік талаптары мен мақсаттарына сәйкес келеді.

- Колледж мұғалімдерінің құқықтары мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықпен реттеледі, ол жыл сайын талаптарға сәйкес қаралады және талдаудан өтеді.

- ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметіне мониторинг жүргізу, мұғалімдер біліктілігін жүйелі бағалау, оқыту сапасын кешенді бағалау бойынша қызметпен қамтамасыз етеді.

- Мұғалімдердің жұмыс жүктемесі әр түрлі қызметтерден тұрады. ББ басшылығы мұғалімдердің барлық жоспарланған жүктеме түрлерін орындағанын көрсетеді.

- ББ басшылығы жас мұғалімдерді дамыту бойынша мақсатты әрекеттермен қамтамасыз етеді.

- ББ басшылығы мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке және кәсіби дамуына ықпал ететін механизмдерді көрсетеді.

- Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.

#### ***Аналитикалық бөлім***

«Мұғалімдер және оқытудың тиімділігі» стандарты бойынша әр түрлі мектептерге бару мен біліктілікті жетілдірудің және шығармашылық сабақтарға қатысудың жоғары деңгейін атап өтуге болады.

Колледжде барлық мұғалімдер жоспарланған жүктемені орындайды. Кадрлар әлеуеті ББ ерекшелігіне сәйкес келеді, жас мамандарды қолдау бойынша мақсатты жұмыспен қамтамасыз етіледі.

***Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/ қанағаттанарлық/ жақсартулар жобаланады/ қанағаттанарлықсыз )***

күшті – 10

қанағаттанарлық – 0

жақсартулар жобаланады – 0

қанағаттанарлықсыз – 0

#### **6.5 «Студенттер» стандарты**

##### ***Дәлелді бөлім***

Контингентті қалыптастыру бойынша жұмыс біліктілікке байланысты жүргізіледі: талапкердің негізгі білім деңгейі, оқытудың күндізгі түрі және оқыту тілі бойынша (қазақ және орыс). Студенттік контингентті қалыптастыру бойынша барлық ақпараттар колледж сайтына енгізіледі. Талапкерлерді қабылдау жағдайларымен таныстыру көрнекі ақпараттық материалдармен және видеоқұралдардың көмегімен, сондай-ақ колледж сайты

арқылы жүзеге асырылады. Шымкент қаласы мен ОҚО мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмысы жүргізіледі.

Пәндер бойынша үлгерімі төмен, сырқаттану мен отбасы жағдайлары бойынша студенттерге академиялық қолдау көрсету үшін мұғалімдер қосымша сабақтар мен кеңес берулер ұйымдастырады.

МАК шешімі бойынша қорытынды аттестаттаудан өткен және кәсіби оқу бағдарламасын меңгерген студенттерге «Фельдшер» немесе «Акушер» біліктілігі беріледі және мемлекеттік үлгідегі диплом табысталады.

Ұйым қызметіне студенттердің қанағаттануын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіледі және кері байланыс жүйесі жұмыс істейді, ол бағалау мен оқыту нәтижелері туралы ақпаратты жедел түрде ұсынудан тұрады.

Басшылық қаланың және облыстың МҰ базаларында кәсіби тәжірибені сапалы өткізуді ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізеді және түлектерді жұмыспен қамту бойынша мәселелерді шешеді. Студенттер оқыту үрдісіне қанағаттанған.

Студенттерге кәсіби психологиялық көмек және қолдау көрсету мақсатында колледжде психолог жұмыс істейді, психологтың байланыс телефоны сайтта және стендтерде көрсетілген. Студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету жұмысына үлкен көңіл бөлінеді, оқуға төлем жүргізудің ыңғайлы жүйесі қарастырылған. Есептеу кезеңінде 100%, 50%, 30%, 20%, 10% жеңілдік бойынша 52 студент білім алуда.

### ***Күшті жақтары/үздік тәжірибе***

1. Колледж әкімшілігі ББ саясат пен рәсімдердегі өзгерістер туралы ақпаратты студенттерге уақытында ұсынады.

2. Колледж әкімшілігі түлектерді жұмыспен қамту және түлектермен байланысты нығайту жұмыстарын қамтамасыз етуге үлкен күш жұмсайды.

3. ББ басшылығы негізгі бағдарламадан тыс студенттерді өздігімен білім алуға белсенді түрде ынталандырады (оқудан тыс қызмет шеңберінде).

4. ББ басшылығы пікір айту және пікір алмасу үшін студенттерге мүмкіндіктер береді.

5. Басшылық жұмыс берушілердің тарапынан келетін жүйелі кері байланыс негізінде ББ сапасына кепілдік береді.

6. Колледж бен студент арасындағы өзара жауапкершілікті, міндеттер мен құқықтарды ескере отырып, колледж студенттерге білім беру қызметін ұсыну үшін олармен келісімшартқа отырады.

7. Студенттер мен түлектердің аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері мамандардың дайындық деңгейінің жеткіліктілігін растайды.

### ***Аналитикалық бөлім***

Колледж «Студенттер» стандарты бойынша студенттердің мүдделеріне ерекше көңіл бөлетінін атап өтуге болады. ББ меңгеру үшін студенттер үшін барлық жағдайлар жасалған және студенттер білім беру қызметінің сапасына қанағаттанған.

Жалпы, студенттермен жүргізілетін жұмыс жоғары әдістемелік және тәжірибелік деңгейде өтеді.

Оқу жылының басындағы студенттер контингенті 1320 адам

Тексеріс кезіндегі студенттер контингенті 1266 адам

курс	0301013 «Фельдшер» біліктілігі						0301023 «Акушер» біліктілігі					
	Жалпы саны	9 сын		11 сын		оқудан шығарылған студенттер	Жалпы саны	9 сын		11 сын		оқудан шығарылған студенттер
	каз	ор	каз	ор	каз		ор	каз	ор	каз	ор	
1курс	391	189	24	168	10	8	41	-	-	41	-	-

2курс	447	182	16	243	6	13						
3курс	251	125	11	115	-	25						
4курс	136	118	18	-	-	8						
Барлығы	1225	614	69	526	16	54	41	-	-	41	-	-

Қабылданған контингентті шығарылымға дейін жеткізу 72% - дан 80% -ға дейін құрайды. Оқудан шығару себептері: ауруға байланысты академиялық демалыс, жүктілік және босану, бала күтіміне байланысты, қарулы күштерде атқаратын міндеті, тұратын орнын ауыстыру, басқа оқу орнына ауысу, академиялық үлгерімі төмен.

Мамандық	Қабылдау (студенттердің саны)		Шығарылым (студенттердің саны)		Жеткізу %
	9 сын	11 сын	9 сын	11 сын	
Емдеу ісі	9 сын	173 (2013-2014ж.)	133 (2013-2014 ж.)		76,9
	11 сын	241 (2013-2014ж.)	205 (2013-2014 ж.)		85,1
Емдеу ісі	9 сын	161 (2014-2015ж.)	-		-
	11 сын	190 (2014-2015ж.)	143 (2014-2015 ж.)		75,3
Емдеу ісі	9 сын	151 (2015-2016ж.)	151 (2015-2016 ж.)		-
	11 сын	135 (2015-2016ж.)	135 (2015-2016 ж.)		-
Емдеу ісі	9 сын	221 (2016-2017ж.)	221 (2016-2017 ж.)		-
	11 сын	268 (2016-2017ж.)	268 (2016-2017 ж.)		-
Емдеу ісі	9 сын	212 (2017-2018ж.)	212 (2017-2018 ж.)		-
	11 сын	221 (2017-2018ж.)	221 (2017-2018 ж.)		-
<b>Барлығы:</b>		<b>1973</b>			<b>79,1</b>

Студенттердің аралық аттестаттау нәтижелері: 0301013 «Фельдшер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі»

Оқу жылы	Курс	Студенттердің саны	Үлгерім, %	Білім сапасы, %
		Барлығы		
2014-2015	1	160	100	92,5%
	2	360	100	89,1%
	3	392	100	93,1%
	4	224	100	89,2%
2015-2016	1	278	100	89,9%
	2	170	100	91,7%
	3	362	100	89,2%
	4	391	100	96,6%
2016-2017	1	489	100	90,7%
	2	273	100	89,3%
	3	143	100	93,0%
	4	324	100	92,5%
2017-2018	1	221	100	92,3%
	2	470	100	91,0%
	3	250	100	84,8%
	4	146	100	89,7%



Студенттердің аралық аттестаттау нәтижелері: 0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі»

Оқу жылы	Курс	Студенттердің саны	Үлгерім, %	Білім сапасы, %
		Барлығы		
2017-2018	I	41	100%	87%

Студенттердің аралық аттестаттау нәтижесі оқытудың әр түрлі кезеңдерінде 100% үлгерім мен білім сапасының 84%-дан 96%-ға дейінгі аралықта екендігін көрсетеді. 2017 жылы қабылданған 1 курс студенттерінің негізгі білімінің жеткіліксіз болуы білім сапасының төмендеуінен байқалады.

### 0301013 «Фельдшер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері

Оқу жылы	Түлектердің саны	Олардың ішінде емтихан тапсырғандар:				Үлгерім %	Білім сапасы %	Үздік диплом алғандар
		«5»	«4,4-5»	«3»	«2»			
2014-2015	196	3	193	-	-	100	100	3
2015-2016	337	5	332	-	-	100	100	5
2016-2017	276	3	273	-	-	100	100	3
Барлығы	809	11	798	-	-	100	100	11

Жылдар бойынша түлектердің қорытынды мемлекеттік аттестаттауын талдау мамандардың дайындық деңгейінің жеткіліктілігін көрсетеді.

### Түлектерді жұмыспен қамту көрсеткіштері

Оқу жылы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасқан студенттер	Жұмыспен қамту %	Бала күтімі бойынша	Әскердегі қызметі	ЖОО түскен студенттер
2014-2015	196	174	88,8	15	-	-
2015-2016	337	246	73,0	47	-	2
2016-2017	276	212	76,8	42	-	2
Барлығы	809	632	78,1	104	-	4

*Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/ қанағаттанарлық/ жақсартулар жобаланады/ қанағаттанарлықсыз )*

күшті – 8

қанағаттанарлық – 0

жақсартулар жобаланады – 1

қанағаттанарлықсыз – 0

### 6.6 «Білім беру ресурстары» стандарты

#### *Дәлелді бөлі*

Колледждің оқыту базасы арнайы пәндер бойынша 28 кабинет, 21 аудитория және 7 зертхана арқылы көрсетіледі. Колледжде оқу залы бар кітапхана, спорт залы, медициналық пункт, 3 компьютерлік технология кабинеттері жұмыс істейді. Кабинеттер мен зертханалар колледждің даму стратегияларына сәйкес, сапалы білімді қамтамасыз ету



үшін қажетті құралдармен жабдықталады. Әрбір кабинеттің өзінің даму жоспары болады, ол жоспарда кабинетті жабдықтау, толықтыру және нығайту бойынша жасалатын жұмыстар кезеңмен жазылады. Колледж білім беру бағдарламасын тиімді жүзеге асыру мақсатында материалдық-техникалық ресурстарды нығайтады және жаңғыртады. Материалдық-техникалық ресурстардың даму қарқыны оң нәтиже береді. Колледж құрылыстарды бұзу деңгейіне, инвентаризация нәтижелері мен техниканың моральдық түрде ескіруіне және т.б. себептерге байланысты бағалау нәтижелері бойынша, білім беру ұйымдарына қатысты қойылатын талаптарға сәйкес ресурстарды қолдау үшін шаралар қолданады. Барлық оқу аудиториялары мен кабинеттер жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасына, біліктілік талаптарына, санитарлық-гигиеналық нормалар мен өртке қарсы қауіпсіздік техникаларына сәйкес жабдықталған. Оқу үрдісінде 120 компьютер жұмыс істейді. Оқу үрдісінде қолданылатын компьютерлер саны 2 ауысымды ескере отырып, 6 адамға 1 компьютерден келеді және олар оқу үрдісін сапалы өткізу үшін жеткілікті мөлшерде, сондай-ақ лицензиялау мен аттестаттау талаптарына сәйкес келеді.

Сайт қазақ және орыс тілінде жұмыс істейді, оқырмандарға колледж туралы толық және сапалы ақпаратты, сұрақтарға жауапты, кәсіпке бағдарлауды ұсынады, олар сайт қызметінің негізгі мақсаттары болып табылады.

### ***Күшті жақтары/үздік тәжірибе***

1. ББ меңгеру үшін қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдар жеткілікті деңгейде және пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарына жауап береді.

2. Оқу орны студенттердің жеке мүдделері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың негізгі және кәсіби біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту ортасын құрады.

3. Колледж оқытылатын пәндер бойынша студенттердің және педагогикалық ұжымның қолданбалы дағдыларын дамыту үшін жағдай жасайды.

4. Колледж ББ ақпараттық қамтамасыз ету мен материалдық-техникалық базаның даму қарқынын бағалайды.

5. Колледжде санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келетін, заманауи техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған оқу кабинеттері мен зертханалары бар.

6. Колледж қажетті мөлшерде компьютерлерге, оқу әдебиеттері мен мультимедиялық құралдарға ие.

7. Білім берудің интернет-ресурстарына тегін кіру.

### ***Аналитикалық бөлім***

«Білім беру ресурстары» стандарты бойынша оқу үрдісі үшін барлық оқытылатын пәндер бойынша студенттерді ақпаратпен қамтамасыз етуде қолжетімділік ұсынылатынын атап өтуге болады.

Оқу құралдары мен компьютерлік технологияны пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптарына жауап береді.

ББ жүзеге асыру кезінде студенттердің жеке мүдделері мен мүмкіндіктері ескеріледі. Әрбір студентке клиникаға дейінгі тәжірибе кабинеттерінде, симмуляциялық орталықтарда және клиникалық базаларда өздерінің дағдылары мен қабілеттерін жаттықтыруға мүмкіндік беріледі.

Колледжде білім берудің интернет-ресурстарына тегін кіру ұйымдастырылған, ақпараттық технологиялар енгізілген, педагогикалық ұжымның ақпараттық оқыту технологияларын жасау және қолдану жүйесіне, АКТ негіздеріне мониторинг жүргізіледі.

Кабинеттер мен зертханалардың жабдыкталуы ҚР Денсаулық сақтау және Өлеуметтік қорғау министрлігінің 29.05.2015 жылғы №423 бұйрығы «Медициналық колледждердің клиникаға дейінгі симмуляциялық кабинеттерін жабдықтау нормативтері» және «Кабинет туралы Ереже» негізінде орта медициналық және фармацевтикалық

білімнің кабинеттері мен зертханаларының табелдері мен нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Колледж ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілген және жоғарғы жылдамдықтағы Интернет желісіне қосылған. Колледждің базасында колледждің ақпараттық-техникалық орталығы әзірлеген өзінің [www.smpk.kz](http://www.smpk.kz) сайты жұмыс істейді. Колледжде 3 компьютерлік сыныптан тұратын тестілеу орталығы, информатика кабинеті, жоғарғы интернет желісіне қосылған конференция залы және оқу залы бар. Жалпы білім беру, кәсіби және арнайы пәндерді оқыту шеңберінде 5 интерактивті тақталар қолданылады. 2018 жылы «Кітапхана ісі» бағдарламасы сатып алынды, ол кітапхана қорын толық автоматтандыруға және электронды кітапхана құруға мүмкіндік берді. Интерактивті тақта конференция залында орнатылған, сондықтан әрбір іс-шара презентация, бейнебаяндар мен оқыту фильмдерін көрсетумен өтеді.

Симуляциялық орталық арнайы пәндер бойынша тәжірибелік дағдыларды және қабілеттерді жаттықтыру үшін заманауи манекендермен, фантомдармен және муляждармен жабдықталған. Колледж жалпы 160 компьютермен, 4 интерактивті тақтамен, 3 мультимедиялық проектормен, 4 заманауи көшіру техникасымен (үшеуде бір: принтер/ксерокс/сканер) және 6 принтермен жабдықталған. Қара-ақ форматта оқу құжаттарын сканерлеу, басып шығару және көшіру келесі кабинеттерде жүзеге асырылады: ӨО бойынша директор орынбасарларының кабинеттері, информатика кабинеті, директордың қабылдау бөлмесі. Компьютерлік технологиялар студенттерді тестілеу кезінде, сондай-ақ электрондық және қағаз түріндегі ақпарат құралдарында әдістемелік материалдарды құру, оқу үрдісінде, жаңа материалды және тәжірибелік сабақтарды зерттеу кезінде кеңінен пайдаланылады.

**«Фельдшер» мамандығы бойынша кітапхана қоры 33210 данадан тұрады, олардың ішінде:**

- қазақ тілінде – 22067 дана
- орыс тілінде – 10868 дана
- ағылшын тілінде – 275 дана

Оқу әдебиеті – 5772 дана

- қазақ тілінде – 3798 дана
- орыс тілінде – 1839 дана
- ағылшын тілінде – 135 дана

Оқу-әдістемелік әдебиет – 1563 дана.

- қазақ тілінде – 1006 дана
- орыс тілінде – 557 дана

Көркем әдебиет – 5122 дана.

- қазақ тілінде – 3454 дана
- орыс тілінде – 1668 дана

Ғылыми әдебиет – 5463 дана.

- қазақ тілінде – 3683 дана
- орыс тілінде – 1780 дана

Электрондық құралдар (аудио-визуалды материалдарды қосқанда) – 15291 дана

- қазақ тілінде – 10116 дана
- орыс тілінде – 5025 дана
- ағылшын тілінде – 150 дана

Тапсырылған кітаптардың саны – 36816 дана, оның ішінде

Бір студентке бөлінетін кітаптың жалпы саны – 25,9

оқулықтар және оқу-әдістемелік әдебиеттер – 21,9

көркем әдебиет – 4,0

**«Ақушер» мамандығы бойынша кітапхана қоры 6066 данадан тұрады, олардың ішінде:**

- қазақ тілінде – 4297 дана

- орыс тілінде – 1549 дана
  - ағылшын тілінде – 220 дана
- Оқу әдебиеті – 1400 дана

- қазақ тілінде – 797 дана
- орыс тілінде – 495 дана
- ағылшын тілінде – 108 дана

Оқу-әдістемелік әдебиет – 870 дана.

- қазақ тілінде – 641 дана
- орыс тілінде – 229 дана

Көркем әдебиет – 1273 дана.

- қазақ тілінде – 914 дана
- орыс тілінде – 359 дана

Ғылыми әдебиет – 1349 дана.

- қазақ тілінде – 953 дана
- орыс тілінде – 396 дана

Электрондық құралдар (аудио-визуалды материалдарды қосқанда) – 1174 дана

- қазақ тілінде – 671 дана
- орыс тілінде – 391 дана
- ағылшын тілінде – 112 дана

Тапсырылған кітаптардың саны – 11485 дана, оның ішінде

Бір студентке бөлінетін кітаптың жалпы саны – 147,9

оқулықтар және оқу-әдістемелік әдебиеттер – 116,9

көркем әдебиет – 31,0

Колледждің кітапхана қоры жыл сайын жаңа оқу және ғылыми-медициналық әдебиеттермен толықтырылып тұрады. 2017-2018 жылы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттің 26160 данасы алынды.

### ***Сыртқы эксперттік комиссияның ұсыныстары***

1. Кітапхана қорын заманауи әдебиеттермен толықтыру бойынша жұмысты жалғастыру.

2. Колледж басшылығына студенттердің қашықтықтан оқыту қажеттілігіне байланысты талдау жүргізу (сауалнама).

***Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/ қанағаттанарлық/ жақсартулар жобаланады/ қанағаттанарлықсыз )***

күшті – 9

қанағаттанарлық – 0

жақсартулар жобаланады – 3

қанағаттанарлықсыз – 0

## **VII. ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ/ КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ**

### **7.1 «Миссия және басшылық» стандарты**

«Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесі ББ даму жоспарын қалыптастыруға мүдделі тараптардың өкілдерін, оның ішінде студенттерді, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді тартады.

«Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесі тұрақтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдылық, айқындылық, жауапкершілік, өкілеттіктерді табыстау, қаржыландыру жүйесінің саралануы мен тәуелсіздігі қағидаларының орындалу дәрежесін көрсетеді.

ББ басшылығы студенттер, педагогикалық ұжым, ата-аналар мен жұмыс берушілер үшін ашықтық және қолжетімділік дәлелдерін көрсетеді.

### **7.2 «Білім беру бағдарламасы» стандарты**

ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби мәтіннің болуын көрсетеді.

ББ басшылығы теориялық және тәжірибеге бағытталған пәндер арасындағы тиімді байланысты көрсетеді.

Пәндердің тізімі және мазмұны барлық студенттерге қолжетімді. Пәндер оқыту саласындағы барлық сұрақтарға, мәселелерге жауап береді.

ББ құрылымында студенттердің жеке қабілетін ескере отырып, олардың негізгі және кәсіби біліктілігін дамытуға ықпал ететін қызметтің түрлері қарастырылған.

ББ басшылығы оқыту тіліне тәуелсіз, барлық студенттерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

ББ басшылығы білім беру үрдісінде пайда болатын сұрақтар бойынша студенттерге дербес көмек көрсету және кеңес беру жүйесінің болуымен және тиімді жұмыс істеуімен қамтамасыз етеді.

Басшылық ББ тиімді меңгеру үшін жағдай жасайды.

ББ басшылығы ББ жүзеге асыру кезінде студенттердің мәдени тәжірибесі мен қажеттіліктерін, жеке қабілеттерін, ерекшеліктерін қолдануды көрсетеді.

ББ басшылығы «Фельдшер», «Акушер» біліктілікті «Емдеу ісі» мамандығы бойынша оқу, оқу-өндірістік және кәсіби тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді, студенттердің, медициналық ұйым жетекшілерінің және жұмыс берушілердің қанағаттануына байланысты мониторинг жүргізеді.

### **7.3 «Білім беру бағдарламасының тиімділігі» стандарты**

ББ тиімділік көрсеткіштері тәжірибелік денсаулық сақтау ұйымының талаптарын ескере отырып жасалған.

Топ және курс бойынша өткізілетін, студенттердің оқудағы жетістіктеріне мониторинг жүргізу тиімді бағалау болып табылады.

Колледжде ББ тиімді жүзеге асырылуын қадағалау үшін үздіксіз механизм құрылған, сол арқылы оқу жоспары мен қойылған тапсырмалар кафедра, бөлім меңгерушісі, әдістемелік кабинет, директордың оқу және өндірістік ісі жөніндегі орынбасарлары деңгейінде бақыланады.

Мұғалімдер құрамының қалыптасуы білім беру қызметінің лицензиялауына қатысты біліктілік талаптарына сәйкес қатаң түрде жүргізіледі.

### **7.4 «Мұғалімдер және оқытудың тиімділігі» стандарты**

Колледждегі педагогикалық кадрларды іріктеу және бөлу мұғалімдердің педагогикалық біліктілігі мен кәсіби мансабын ескере отырып жүзеге асырылады. Мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы ББ біліктілік талаптары мен мақсаттарына сәйкес келеді.

Колледж мұғалімдерінің құқықтары мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықпен реттеледі, ол жыл сайын талаптарға сәйкес қаралады және талдаудан өтеді.

ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметіне мониторинг жүргізу, мұғалімдер біліктілігін жүйелі бағалау, оқыту сапасын кешенді бағалау бойынша қызметпен қамтамасыз етеді.

Мұғалімдердің жұмыс жүктемесі әр түрлі қызметтерден тұрады. ББ басшылығы мұғалімдердің барлық жоспарланған жүктеме түрлерін орындағанын көрсетеді.

ББ басшылығы жас мұғалімдерді дамыту бойынша мақсатты әрекеттермен қамтамасыз етеді.

ББ басшылығы мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке және кәсіби дамуына ықпал ететін механизмдерді көрсетеді.

Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.

### **7.5 «Студенттер» стандарты**

Колледж басшылығы ББ саясат пен рәсімдердегі өзгерістер туралы ақпаратты студенттерге уақытында ұсынады.

Колледж басшылығы түлектерді жұмыспен қамту және түлектермен байланысты нығайту жұмыстарын қамтамасыз етуге үлкен күш жұмсайды.

ББ басшылығы негізгі бағдарламадан тыс студенттерді өздігімен білім алуға белсенді түрде ынталандырады (оқудан тыс қызмет шеңберінде).

ББ басшылығы пікір айту және пікір алмасу үшін студенттерге мүмкіндіктер береді.

Басшылық жұмыс берушілердің тарапынан келетін жүйелі кері байланыс негізінде ББ сапасына кепілдік береді.

Колледж бен студент арасындағы өзара жауапкершілікті, міндеттер мен құқықтарды ескере отырып, колледж студенттерге білім беру қызметін ұсыну үшін олармен келісімшартқа отырады.

Студенттер мен түлектердің аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері мамандардың дайындық деңгейінің жеткіліктілігін растайды.

### **7.6 «Білім беру ресурстары» стандарты**

ББ меңгеру үшін қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдар жеткілікті деңгейде және пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарына жауап береді.

Оқу орны студенттердің жеке мүдделері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың негізгі және кәсіби біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту ортасын құрады.

Колледж оқытылатын пәндер бойынша студенттердің және педагогикалық ұжымның қолданбалы дағдыларын дамыту үшін жағдай жасайды.

Колледж ББ ақпараттық қамтамасыз ету мен материалдық-техникалық базаның даму қарқынын бағалайды.

Колледжде санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келетін, заманауи техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған оқу кабинеттері мен зертханалары бар.

Колледж қажетті мөлшерде компьютерлерге, оқу әдебиеттері мен мультимедиялық құралдарға ие.

Білім берудің интернет-ресурстарына тегін кіру.

ББ басшылығы ББ сипаттайтын ақпараттарды веб-ресурстарда көрсетті.

## **VIII. САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ**

### **8.2 «Білім беру бағдарламасы» стандарты**

✓ Медициналық колледжге ББ жүзеге асыру кезінде оқытудың заманауи қағидаларына негізделген оқытудың әдістерін қолдануды ұсынамыз.

✓ Бекітілген негізгі және кәсіби біліктілікті көрсететін және оқыту қызметіндегі нәтижелердің жетістіктерін бағалайтын бағалау әдістемесін жақсарту.

✓ ББ мен кәсіби дайындықтың келесі кезеңдерімен байланысты нығайту (бакалавриат, мамандандыру).

### **8.6 «Білім беру ресурстары» стандарты**

✓ Кітапхана қорын заманауи әдебиеттермен толықтыру бойынша жұмысты жалғастыру.

✓ Колледж басшылығына студенттердің қашықтықтан оқыту қажеттілігіне байланысты талдау жүргізу (сауалнама).

✓ Колледж басшылығына «Емдеу ісі» мамандығы бойынша жүзеге асырылатын ББ жетістіктері туралы мониторинг жүргізу.



## **ІХ. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ ТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ**

- ✓ ББ бойынша жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, түлектердің дайындық сапасын жетілдіру.
- ✓ МҰ колледждің материалдық-техникалық базасын дамытуға шақыруды жалғастыру.





**Қосымша 1. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІНДЕГІ ПАРАМЕТРЛЕР»  
бағалау кестесі**

№ п/п	Бағалау критерийлері	Білім беру ұйымының ұстанымы			
		Күшті	Қанағаттанарлық	Жақсартулар жобаланады	Қанағаттанарлықсыз
<b>«МИССИЯ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚ» стандарты</b>					
1	Медициналық колледж білім беру бағдарламасының миссиясын, мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін анықтап, оларды мүдделі тараптардың назарына жеткізу керек.	+			
2	Студенттердің миссиясы, мақсаттары мен күтілетін нәтижелері келесі жағдайларды көрсету үшін мерзімді түрде қайта қаралып отырады:				
	медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптік стандарттары;	+			
	мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттері.	+			
3	Медициналық колледжде білім беру бағдарламасының ұсынған миссиясына сәйкес келетін және оқытудың қорытынды нәтижелеріне жетуді қамтамасыз ететін стратегиялық даму жоспары болуы керек.	+			
4	Медициналық колледж білім беру бағдарламасын басқаруда, оның сапасын қамтамасыз етуде мұғалімдер мен студенттердің өкілдігі кепілдік беруі тиіс.	+			
5	Құжаттар мен басылымдар нақты және сенімді болуы керек. Ұсыныстарға, нәтижелерге сілтемелер, бағдарламаны аккредиттеу/бекіту статусы, оқу үрдісінің кестесі, кадрлық саясат және қабылдау саясаты, бағалау саясаты, біліктілікті алу үшін бағдарламаны аяқтауға қойылатын талаптар, оқу ақысы нақты және сенімді болуы керек.	+			
6	Медициналық колледждің академиялық саясаты орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды дайындау бағдарламасымен келісіледі. Осы саясат студенттердің миссиясына, мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне жетуге бағытталған және әділ болып табылады, жарияланады, білім беру бағдарламасының сапасын жақсарту мақсатында қайта қаралады.	+			
<b>Барлығы</b>		7	0	0	0
<b>«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ» стандарты</b>					
7	Оқу-бағдарламалық құжаттамалар: оқу жоспарының	+			

	үлгісі, типтік жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету үшін жұмыс жоспары білім беру бағдарламасының мақсаттарына, мазмұнына сәйкес келеді.				
8	Медициналық колледж студенттерді ынталандыратын, дайындайтын, қолдайтын және оқыту үрдісі кезінде жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ететін заманауи оқыту қағидаларына негізделген білім беру бағдарламасын және оқыту әдістерін қолданғаны дұрыс.	+			
9	Медициналық колледж біріктірілген оқыту қағидасы бойынша пәндер циклінің оқу қағидасын сақтауға кепілдік беретін білім беру бағдарламасының мазмұнын, көлемін, курстардың реттілігін және басқа да элементтерді сипаттап беру керек.	+			
10	Медициналық колледж ұлттық және аймақтық қажеттіліктерді ескере отырып, денсаулық сақтаудың басым бағыттары бойынша пәндерді қамтитын бейіндік мамандандыру компоненті үшін белгілі бір уақытты белгілеу қажет.		+		
11	Медициналық колледж денсаулықты нығайту, аурулардың алдын алу және науқасқа көмек көрсету бойынша өзіне тиісті жауапкершілікті алу үшін қажетті білімді, клиникалық және кәсіби дағдыны меңгертуге кепілдік беруі тиіс.	+			
12	Тәжірибе үшін клиникалық база болып табылатын медициналық ұйымдармен жасалған шарттар мен жазбаша келісімдер іс жүзінде жұмыс істейді, барлық қатысушылардың болжамын анықтайды және студенттерді қорғауды қамтамасыз етеді.	+			
13	Медициналық колледж бекітілген негізгі және кәсіби біліктілікті көрсететін бағалаудың әр түрлі әдіснамасына кепілдік береді және студенттердің оқу қызметіндегі жетістіктерін бағалайды.		+		
14	Оқу пәндерінің жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары тұтастықты, қатаңдықты және өзектілікті қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасының мақсаттары мен нәтижелеріне сәйкес үнемі қайта қарастырылып тұру керек.	+			
15	Медициналық колледж білім беру бағдарламасымен кәсіби дайындықтың кейінгі кезеңдері (бакалавр, мамандандыру, ҰҚБ/ҰМБ) немесе оқу аяқталғаннан кейін студенттің баратын тәжірибесі арасындағы жүйелі байланысты қамтамасыз ету керек.		+		
<b>Барлығы</b>		5	4	0	0
<b>«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ» стандарты</b>					
16	Білім беру бағдарламасы шеңберінде студенттерді бағалау жоспары анықталады және жүзеге асырылады, бағдарлама түлектерінің жетістіктері, студенттердің оқудағы күтілетін нәтижелері белгілі	+			

	болады, бағдарламаның тиімділігі бағаланады.				
17	Студенттердің, бұрынғы студенттердің және жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейі туралы ақпарат жинау үшін сауалнамалар және басқа да дерек көздері қолданылады және түлектердің жетістіктері көрсетіледі. Жиналған деректерге түлектер пайызы, сертификат алу үшін емтиханнан сәтті өткен студенттердің пайызы, сондай-ақ жұмыспен қамту пайызы кіреді.	+			
18	Студенттердің тұтас нәтижелері туралы деректер өзінің миссиясы мен мақсаттарына, сондай-ақ күтілетін нәтижелеріне жетуде бағдарламаның тиімділігі туралы көрсетеді.	+			
19	Мұғалімдердің тұтас нәтижелері білім беру бағдарламасының миссиясы мен мақсаттарына және студенттердің күтілетін нәтижелеріне жетуге ықпал етеді және сәйкес келеді.	+			
20	Білім беру бағдарламасы шеңберінде студенттер тарапынан шағымдарға қатысты түсінікті және ашық саясат жүзеге асырылады және қажет болған жағдайда, ресми шағымдардан алынған ақпарат бағдарламаны үнемі жетілдіру жұмысында қолданылады.	+			
21	Білім беру бағдарламасының мониторинг жүйесі жұмыс берушілер мен студенттердің оқыту сапасына қанағаттану деңгейін анықтаудан тұрады.	+			
22	Медициналық колледжде бекіту, жүйелі бағалау және білім беру бағдарламасына және түлектерге бақылау жүргізу механизмі бар.	+			
<b>Барлығы</b>		7	0	0	0
<b>«МҰҒАЛІМДЕР ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ» стандарты</b>					
23	Медициналық колледж мұғалімдердің біліктіліктеріне, оқылатын пәннің профиліне сәйкес болуын қамтамасыз ету керек.	+			
24	Бағдарламаның жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін мұғалімдер құрамы білім беру бағдарламасымен қамтылған профильді білім саласындағы мамандармен көрсетілуі тиіс.	+			
25	Тәлімгерлер, егер бар болса, тәжірибесі бар білікті маман болуы керек және олардың лауазымдық міндеттері нақты құжатталуы қажет.	+			
26	Штаттағы мұғалімдердің саны студенттердің оқу нәтижесіне және бағдарламаның нәтижелеріне жету үшін жеткілікті болуы тиіс.	+			
27	Мұғалімдер үздіксіз дамуға қатысуы керек және білім беру мен қашықтық технологияларынан қолдау алуы қажет.	+			
28	Медициналық колледж қызметкерлердің жұмысы мен даму саясатын анықтап енгізуі керек, ол:				
29	клиникалық қызмет пен ғылыми зерттеулерді оқыту кезінде пайдалануын қамтамасыз етеді;	+			
30	білім беру бағдарламасындағы әрбір қызметкердің	+			

	жеткілікті білімінің болуына кепілдік береді, оның құрамына оқыту мен оқыту әдістерін және білім беру бағдарламасының жалпы мазмұнын, сондай-ақ ынтымақтастық пен интеграцияны ынталандыру мақсатында басқа пәндер мен пәндік салаларды білу керек.				
31	мұғалімдер қызметіне оқыту, дамыту, қолдау және бағалау кіреді, ол жұмысқа жаңадан қабылданған мұғалімдер ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік денсаулық сақтау ұйымынан шақыртылған мұғалімдердің барлығы қамтылады.	+			
32	Медициналық колледж педагогикалық ұжымның қызметін бақылауды, мұғалімдердің біліктілігін жүйелі бағалауды, оқыту сапасының тиімділігін кешенді бағалауды қамтамасыз етеді.	+			
33	Мұғалімдердің қызметін жүйелі түрде бағалау білім беру бағдарламасының мақсаттары мен нәтижелеріне сәйкес келетін біліктілікті көрсетеді.	+			
<b>Барлығы</b>		10	0	0	0
<b>«СТУДЕНТТЕР» стандарты</b>					
34	Білім беру бағдарламасы туралы саясаттағы, рәсімдегі және ақпараттағы өзгерістер дәйекті және уақытылы түрде студенттерге хабарланады.	+			
35	Жұмыс берушілер, өндірістік тәжірибе өкілдері және басқа да тиісті ұйымдар тарапынан түсетін кері байланыс негізінде бағдарламалардың және шығарылымдардың сапасына кепілдік береді.	+			
36	Студенттер өздерінің білімі, дағдылары мен қарым-қатынастары бағаланатын бағалау стратегиялары, емтихан және бағалаудың басқа да әдістері мен критерийлері туралы нақты ақпарат алуы керек.	+			
37	Медициналық колледж міндетті:				
38	қосымша сабақтарды таңдау, мансапты жоспарлау, жеке студентке немесе студенттердің шағын тобына арналған тәлімгерлерді тағайындау мәселелерін қамтитын студенттерге арналған академиялық кеңес беру жүйесінің болуы.		+		
39	әлеуметтік, қаржылық және жеке қажеттіліктерге бағытталған студенттерді қолдау бағдарламасын ұсыну, ол әлеуметтік және жеке мәселелер мен жағдайларға, денсаулық мәселелері мен қаржы сұрақтарына, медициналық көмектің қолжетімділігіне, иммундау бағдарламасы мен медициналық сақтандыруға, сондай-ақ материалдық көмек, стипендия түріндегі қаржылық көмек қызметіндегі сұрақтарға байланысты қолдаулардан тұрады.	+			
40	студенттерді қолдау үшін ресурстар бөлу	+			
41	кеңес пен қолдау көрсету туралы құпиялылықты	+			

	қамтамасыз ету				
42	Медициналық колледж студенттер өкілдерінің саясатын және олардың тиісті жұмыстарға қатысуын анықтап енгізу керек, білім беру бағдарламасын басқару және бағалау, медициналық колледждің және басқа да тиісті органдардың кеңестеріне, сондай-ақ денсаулық сақтау бойынша қоғамдық қызметтер мен жергілікті жобаларға қатысу, студенттік өзін-өзі басқару және студенттерге қатысты басқа да сұрақтар бойынша жұмыс атқарады.	+			
<b>Барлығы</b>		7	1	0	0
<b>«БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ» стандарты</b>					
43	Медициналық колледж оқу үрдісін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын ресурстардың жеткілікті болуын қамтамасыз етуі тиіс және жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес болуы керек.	+			
44	Бағдарлама өзінің миссиясына, мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне жетуін қамтамасыз ету үшін бюджет пен материалдық ресурстар жеткілікті мөлшерде. Ресурстардың жеткіліктілігін тексеру мерзімді негізде жүргізіледі және қажет болған жағдайда ресурстар өзгертіледі.	+			
45	Академиялық қолдау қызметі сапаны қамтамасыз етеді және білім беру бағдарламасы мен студенттердің қажеттіліктеріне сәйкестігін үнемі тексеріп отырады. Бағдарлама аясында ұсынылатын академиялық қолдаудың жеткілікті көлемін жүйелі түрде тексерудің нақты тәртібі бар.	+			
46	Білім беру бағдарламасы бойынша қолжетімді академиялық қолдау қызметтері миссияның орындалуын және студенттердің күтілетін нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етеді және кем дегенде келесі көрсетілгендерді қамтиды:				
47	компьютерлік және технологиялық қызметтер;	+			
48	кітапхана қызметтері;	+			
49	қажет болған жағдайда қашықтықтан оқытуды қолдау;				
50	кеңес беру қызметтері, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы мансаптық кеңес беру;	+			
51	студенттерге арналған басқа да қолдау қызметтері (мысалы, әдеби орталықтар, мүгедектерге арналған қолдау көрсету қызметтері), егер олар бағдарламаға қатысты болса.	+			
52	Ресурстар көлемі, деңгейі, әр түрлілігі мен саны бойынша білім беру бағдарламаларын, ғылыми зерттеу бағдарламаларын, сондай-ақ студенттердің интеллектуалдық және мәдени дамуын, мұғалімдер мен штаттағы қызметкерлерді қолдау үшін жеткілікті болып табылады.	+			



53	Медициналық колледж мамандандырылған зертханаларды, манекендер мен тренажерларды, симмуляциялық жабдықтарды, сондай-ақ тәжірибелік денсаулық сақтаудың клиникалық базаларын қосқанда студенттердің тәжірибелік дағдысы мен кәсіби біліктілігін игеру үшін жеткілікті ресурстарға ие.	+			
54	Медициналық колледж ішінара колледждегі электрондық ресурстармен интеграцияны, басқа мамандықтар арасындағы (дайындық бағыттары) білім беру бағдарламасының жетістіктері туралы салыстырмалы (бенчмаркинг) ақпараттың болуына кепілдік береді.	+			
<b>Барлығы</b>		<b>10</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>46</b>	<b>5</b>	<b>0</b>	<b>0</b>

арта